

**Қазіргі Қазақстанның
Ұлттық көрінісіндегі

астана феномені**

Астана – ел дамуының негізгі желілерінің қиылысында орналасқан Қазақстанның басқарушылық және инновациялық орталығы. Астана қаласының территориялық дамуының бәсекелестік артықшылығы оның тиімді географиялық орналасуы, ел өңірлері мен көрші мемлекеттерді автокөлік және темір жол желісімен байланыстыратын, қаланың ірі көлік торабы ретіндегі кеңістіктік ұйымның тарихи қалыптасуымен байланысты. Осы қасиеттердің үйлесімі келешекте Астананы шектесетін аумақтарда экономикалық белсенділігін шоғырландыратын көшбасшы-қалаға айналдырып, елдің өзге өңірлері үшін қозғаушы күш болары анық.



Қазақстанда бүгінгі күні 84 қала бар. Елордамыз Астана- дүние жүзі бойынша ең жас астаналардың бірі. Бұл қала 1830 жылы Ақмола казак форпосты ретінде негізі қаланған. 1997 жылы 10 желтоқсан Тәуелсіз Қазақстан астанасы ретінде статусқа ие болды.

Қала өз қалыптасуында материалды мәдени құндылықтармен толықтырылып, оның семиотикалық нүктесіне айналады. Қазіргі заманғы көптеген антропологиялық сюжеттердің жүзеге асу ортасы қала кеңістігі. Жаңа архаикалық және жаңа метафизикалық постмодернистік жобалардың арқасында қазіргі заманғы қалалар адамзат тағдырын онтологиялық жағынан зерделеу үшін объект болып отыр. Антропологиялық зерттеулерде қала тек орны мен қауымдастық өзгешелігі арқылы ғана емес, қаланың статусы мәдени жағынан өзгеріске ұшырау арқылы қарастырылады. Астана – Еуразия аймағы бойынша ең ірі мәдени орталықтардың бірі. Еліміздің мәдени астанасы және ұлттық қарым-қатынас орталығы, мәдени алмасудың жетекші орталығы. Елордалық университеттер, мұражайлар, театрлар, архивтер, көрмелер, көркемдік шеберханалар, шығармашылық ұйымдар, концерттік алаңдар астананы дәстүр мен мәдени құндылықтарды сақтаушы орын ретінде танытады.



«Бата» ескерткіші тәңірлік дәстүрге ерекше құрмет көрсетудің бір белгісі. Бата – қазақ тілінде «алғыс, бата беру» деген мағынаны білдіреді. Тілек-бата сөздерінің мәтіні қазақ халқының ғасырлар бойы өмірден түйген тәжірибесінен алынған. Онда бүкіл халық болмысының сенімі мен нанымы, өмір тәжірибесі көрініс тапқан. Сондықтан ол қасиетті әрі киелі ұғым болып саналады.

Ескерткіштегі арка формасындағы «босаға» - жол басының символы ретінде көрсетілген. Сонымен қатар «бесікті» көруге болады. Оның мәні – өмір бейнесі, ер және әйел бастамасы. «Тайтұяқтың» негізінде отбасындағы жақсылық және молшылық мәні жатыр. Осындай ескерткіштердің Елорда да пайда болуы қазақ тарихындағы архаикалық кезеңнің бейнесін көрсетеді.



Астана қаласындағы ресей мүсіншісі Даши Намдаков салған **«Жер-Ана» монументінде** сақ патшасы Томирисінің алып бұқаның үстінде тұрғандығы көрсетілген. Бұл мүсіннен де номадтық ерекшелікті көреміз. Еркіндік сезімі ерекше байқалады. «Жер-Ана» атауын рәміздік жағынан талдасақ, қазақ аңызында Жер-ана мен Тәңірадамның махаббаты, үйлесімде өмір сүруінің қажеттілігі, жердің бастапқы тазалығын сақтап, аспан екеуінің асқақтығы, көркемдігі баяндалады.



"Өмір ағашы" фонтаны

шар түрінде бейнеленген. Төрт жағында 4 табиғи күштер (стихия) белгіленген. Түріктерде жел жылқы бейнесінде, от қой немесе қошқар, су – бұқа, сиыр бейнесінде, ал жер түйе бейнесінде болады. Ежелгі аңыздар бойынша табиғи күштер жыл сайын қайта өмірге келіп отырады. Бұл композиция ежелгі түрік халықтарындағы әлемнің жаралуы, өмір мәні, адамды қоршаған табиғи күштер туралы аңыздар мен мифтерді бейнелейді.



«Киелі Көкбөрі мен Сәби» мүсіндік композициясына байланысты қазақ мәдениетінде аңыз-әңгімелер көп. Көк бөрі – түркі мифологиясындағы киелі ұғымдардың бірі. Көне түркілер қасқырды «бөрі» деген. Көк дегеніміз – көк түс, көк аспан. Көк бөрінің түркілер тайпасын ажалдан аман алып қалғандығы, көк аспандағы Көк Тәңірісінің өзі жіберген ерекше қасиетті жануар екендігі аңыздарда айтылып, көне түркілер наным-сеніміне сіңісіп кеткен.



«Халықтар достастығы» монументі

фонтандары бар қауыз, ортасында 8 метрлі үш бір-бірімен қосылған қола мүсінді фигуралармен көркемделген. Монументтің символикалық мәні бір-бірімен байланысқан тармақтардың (ветви) тоғысуы, қол алысу, достық, бірін-бір қамқорлыққа алу, бейбітшілік және келісімді білдіреді. Топологиялық ғылымда «беделі (клеверный) жапырақтар» деп аталатын түйіндер кездеседі. Бұл үш бір-бірімен байланысқан жең, басы мен аяғы жоқ, ұзақ ғұмыр, мәңгі бақыт және жақсылықтың нышаны. Мүсіннің қасындағы фонтандар «орманы» бар. Бұл фонтандар Қазақстан этностарын рәміздейді.

Қаланың осындай рәміздік мәні бар мүсіндік механизмдері адамға, оның рухани болмысына, қаланың өзіндік материалды және рухани атмосферасының қалыптасуына ықпалы зор.



Бәйтерек

Еуразия кіндігіндегі тіршілік ағашы. Елорданың әкімшілік орталығының нақ ортасында орналасқан архитектуралық құрылыс бас қаланың рәмізіне айналып отыр. Монумент рәміздік сипатта – ұшар басындағы алтын күн, 97 метрлік биіктік, ішкі архитектурасы, үш аймаққа бөлінуі әлемнің үш негізін бейнелейді. Металдан, әйнектен және бетоннан жасалған «Бәйтерек» архитектуралық идеясы жағынан ерекше: 105 метрлік биіктігі бар металл құрылым, салмағы 1000 тоннадан артық бес жүздей діңгекте тұр. Әлемде бірінші рет 22 метрлік диаметрі және күн сәулесімен түсін өзгертіп отыратын, «хамелеон» әйнектен жасалған 300 тонналық салмағы бар құрылыс.

-



«Хан Шатыр»



- сауда-ойын-сауық орталығы техникалық жаңашылдықты сәйкестендіре отырып, Бейбітшілік және келісім сарайының жолын жалғастырады. Биіктігі 200 метрге жететін кешен қаладағы биік құрылыстардың бірі. Оның «қаңқасы» – ұсақ тордан тұратын ірі шатыр, ETFE фторполимермен жабылған – сәулені өткізетін және ішкі кеңістікті ыстық пен суықтан қорғап тұратын ерекше материал.

Бейбітшілік және келісім сарайының пирамидалы Ғимараты



- 2006 жылы салынған. Қазақстанның ерекше архитектуралық құрылысы. Ғимарат басқа құрылыстардан ерекшелетұратын әйнек пен гранитпен өңделген. Пирамида 15 метрлік биіктікте салынған 62 метрлік құрылыс. Оның жалпы ауданы 25,5 мың шаршы метр. Пирамиданың негізіне 1,5 мың орны бар опера залы кіреді, жоғарғы бөлігінде – Ғимараттың басты бөлмесі – конфессиялар залы бар.

Атамекен – этникалық- мемориалдық кешені



- ашық аспан астындағы музей болып есептеледі, бүкіл елді өте ықшамдалған нұсқада шолып шығуға болады. Жалпы ауданы 1,7 га. көрмеге Қазақстан қалаларының жасампаз ғимараттарының және тарихи ескерткіштерінің 200 данадан астам үлгілері қойылған.

Ең ірі монументтің бірі «Қазақ елі» – қазақ халқының тарихи тағдырына арналған ескерткіш. Ұлттық идеяны көрсету тілегімен орындалған ауқымды әрі дәстүрлі монумент. Бұл ғимарат символикалық қуатқа толы.

Монумент қазақ халқының мыңжылдық тарихы мен мәдениетін көрсетеді, Қазақстанның тәуелсіздік алған жылын, еліміздің жоғары ұмтылысын рәміздейді. Монументтің биіктігі 91 метр, бұл 1991 жылы – Қазақстанның тәуелсіздікті алу жылымен байланысты. Монументтің құрылымы Қазақстанның ұлттық идеясының мәнін ашады: төрт жағында еліміздің тәуелсіздік алған кездегі негізгі тарихи сәттерін баяндайтын – «Тұңғыш Президент және Қазақстан халқы», «Ерлік», «Жасампаздық» және «Болашақ» атты төрт барельефтен тұрады. Еуразия жүрегіндегі Қазақстан астанасының орналасу аймағын айқын бейнелейтін төрт қоладан жасалған барельеф әлемнің төрт бұрышының бірлігін көрсетеді.

